

«Бекітемін»


Мектеп директоры

Алина Г.А

Жараткел негізгі орта білім беретін мектебінің 2021 – 2022 оқу жылына
жасалған кітапхананың жылдық жоспары

№	Жүргізілетін жұмыстар атауы	Мерзімі	Жұмыстың түрлері	Жауапты
1	Оқушыларға оқулық тарату	тамыз		Кітапханашы Класс жетекші
2	«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы	Жыл бойы	Челлендж ұйымдастыру	Кітапханашы
3	Букроссинг	Жыл бойы	Челлендж ұйымдастыру	Кітапханашы
3	«Ана тілің алпыс тілге татиды»	Қыркүйек	Көрме	Кітапханашы
4	«Қазақтың бір туар Қасымы»	Қазан	Әдеби кеш	Кітапханашы
5	«Кітаппен бірге өсеміз»	Қазан	Танымдық сабақ	Кітапханашы
6	«Әжемнің ертігілері»	Қараша	Онлайн сабақ	Кітапханашы
7	«Ертігілер жолында»	Қараша	Ертегі айтып үйрену	Кітапханашы
8	«Ұлт мақтанышы» Ғ.Мұстафин 120 жыл	Қараша	Көрме	Кітапханашы
9	«Кітап – алтын қазына»	Желтоқсан	Шығарма жазу	Кітапханашы
10	Егемен Қазақстан және Елбасы	Желтоқсан	Көрме	Кітапханашы
11	«Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз!»	Қаңтар	Көрме	Кітапханашы
12	«Біздің отбасымыздың кітабы»	Қаңтар	Челлендж ұйымдастыру	Кітапханашы
13	Дінмұхаммед Қонаевқа 110 жыл «Әр өлеңі – бір әлем»	Қаңтар	Әдеби кеш	Кітапханашы
14	«Кітаппен бірге әлемді ашамыз!»	Ақпан	Топтық сайыс	Кітапханашы
15	«Кітап білім ордасы»	Ақпан	Топтық сайыс	Кітапханашы
16	«Ең көп оқитын сынып»	Наурыз	Тәтті викторина	Кітапханашы
17	«Мен оқыған кітапты сен де оқы»	Сәуір	Оқу сағаттары	Кітапханашы
18	«Кейіпкерді тап!» Ертегі бойынша	Сәуір	Сайыс	Кітапханашы

19	«Ертегі айтып үйренейік»	Мамыр	Ертегі айту	Кітапханашы
20	Мәңгі жадымызда	Мамыр	Көрме	Кітапханашы
21	Оқулықтарды оқушылардан қабылдау	Мамыр		Кітапханашы Класс жетекшілер
22	Кітапхана есебі	Мамыр		Кітапханашы

Кітапханашы:  Кребаева З.С


Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінде «Ана тілің алпыс тілге татиды» атты көрме анықтамасы

5 қыркүйек Тілдер мерекесіне орай мектеп кітапханасы жанында «Ана тілің алпыс тілге татиды» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге мектеп оқушылары толық қатысты. Ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайреткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай қазақ тілі, әдебиеті пәнінің мұғалімі Мадешева Әйгеріммен бірлесіп, А.Байтұрсынов өмірбаяны, шығармалары туралы түсіндірме жүргізілді. «Қырық мысал» жинағынан «Маймыл мен Айна» бір мысалын 5 класс оқушысы Ардана Мейірлан оқиды.

«Ана тілің алпыс тілге татиды»



А. Байтұрсыновтың «Қырық мысал» жинағынан «Маймыл мен Айна» мысалынан үзінді



Кітапханашы: *Кребаева* Кребаева З.С

22 қазан айында «Тереңде тұнып жатқан дауыл», жырдың иесі Қасым Аманжоловтың 110 жыл мерейтойына орай «Қазақтың біртуар Қасымы» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Әдеби кешіміз қазақ өлеңінің аспанында ерекше нұрланып, жарқырап өткен Қасымға арналды. Өмірге іңкәр, өмірді жырлап өткен, сыршыл ақын жайлы сыр шертілді. Оқушылар өлеңдерін жатқа оқып, өлең атты күдіретті мұхитқа сапар шекті. Әдеби кешке 5-9 сынып оқушылары қатысты. Осы кеште «Ғасырдан Қасымға» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге ақынның кітаптары қойылып, өмірбаяны, шығармалары таныстырылды. Мектеп оқушылары өлеңдерін жатқа оқып, бірауыздан жақсы өтуге атсалысты.




Жараткел негізгі орта білім беретін мектебінде «Егемен Қазақстан және Елбасы» атты көрме анықтамасы

29 қараша күні мектептің акт залында «Елін сүйген - Елбасы» атты салтанатты жиын өткізілді. Акт залының бір бұрышына «Егемен Қазақстан және Елбасы» атты көрме ұйымдастырылды. Елбасының өмірбаяны мен еңбек жолы туралы мәлімет берілді. Кітапханашы Кребаева З.С «Н.Назарбаев – елі еріне, ері еліне сенген ұлы тұлға!» атты баяндама оқыды. 2-3 сынып оқушылары елбасыға өлең жолдарын арнады. 5 класс оқушысы Үмбет Ардақ «Батырлар ұраны» әнін шырқады. Ал 4 сынып оқушылары Әлібекқызы Еркенұр мен Кеулімхош Еркеназ «Тәуелсіз елдің қызымен» атты әнін көрермендерге жолдады.



Кітапханашы: *З.С. Кребаева* Кребаева З.С

Д.А.Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына орай
«Әр өлеңі – бір әлем» атты танымдық сабақ



Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінде «Кітап білім ордасы» атты топтық сайыстың ашықтамасы.


Мақсаты: Кітаптың таусылмас қазына, әрі білімнің көзі екенін түсіндіру, адам өміріндегі маңызы туралы ұғындыру.

Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебінде 24 ақпан күні 2-3 сынып оқушыларына «Кітап білім ордасы» атты топтық сайыс өткізілді. Сайыста 2 топқа бөлініп, оқушылар бақ сынады.

Топтық сайыс 4 кезеңнен тұрды:

1. «Кітап- ақылшы дос» шығармашылық жұмыс
- 2.»Мақал сөздің мәйегі» кітап, оқу – білім туралы мақал айту
- 3.Төрт сурет бір сөз
- 4.Мен оқыған кітаптар тізбесін дайындау(постер қорғау)

Сайыстың әр кезеңінде де оқушылар белсене қатысты. Бірінші кезеңде әр оқушы бір сөйлем жазу арқылы, кітап туралы мәтін құрастырды. Ал екінші кезеңде мақал айтып, жарыса түсті. Үшінші кезеңде логикалық сұрақтар арқылы өз ойларын жеткізді. Соңғы кезеңде оқыған кітаптарынан аттарын жазып, бір тізбек дайындады. Қорытындыла келе 2 топта бір – бірінен қалыспай, достық жеңді деп оқушыларды марапаттады.

Кітапханашы:  Кребаева З.С